“ZIYATKER TURAN” ЖШС мектебі

Баяндама

1 және 5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында мектеп психологы тарапынан 1 және 5 сынып оқушыларының жаңа оқу жағдайына бейімделу деңгейін анықтау және олардың психологиялық жай-күйін бақылау мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

1 сынып оқушыларының бейімделуі

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектеп өміріне, жаңа ортаға, мұғалімдерге және сыныптастарына бейімделу барысына жүйелі түрде бақылау жүргізілді. Оқушылардың сабаққа қатысуы, оқу әрекетіне қызығушылығы, мұғалімнің талаптарын қабылдауы, сыныптастарымен қарым-қатынасы және мектеп тәртібіне дағдылануы назарға алынды.

Бақылау барысында оқушылардың басым бөлігінің мектепке қызығушылықпен келіп, оқу үдерісіне біртіндеп бейімделіп келе жатқаны байқалды. Кейбір оқушыларда ата-анасынан ажырауға байланысты қобалжу, ұялшақтық, шаршау, сабақ барысында зейіннің тұрақсыздығы сияқты уақытша қиындықтар байқалды. Мұндай оқушылармен жеке әңгімелесу және психологиялық қолдау жұмыстары ұйымдастырылды.

5 сынып оқушыларының бейімделуі

5 сынып оқушыларының бастауыш буыннан негізгі мектепке ауысуына байланысты оқу жүктемесінің артуы, пән мұғалімдерінің көбеюі, жаңа талаптар мен оқу тәртібіне бейімделу ерекшеліктері бақыланды.

Бақылау нәтижесінде оқушылардың көпшілігі жаңа оқу жағдайына қалыпты бейімделіп келе жатқаны анықталды. Оқушылардың сыныптастарымен қарым-қатынасы, мұғалімдермен өзара әрекеттесуі және жаңа пәндерге қызығушылығы назарда болды. Жекелеген оқушыларда оқу жүктемесіне үйрену, уақытты тиімді ұйымдастыру, бірнеше пән мұғалімінің талаптарына бейімделу бойынша қиындықтар байқалды.

Қорытынды

Қыркүйек айындағы бақылау нәтижесінде 1 және 5 сынып оқушыларының басым бөлігінің мектеп жағдайына бейімделу үдерісі қалыпты деңгейде жүріп

жатқандығы байқалды. Бейімделуде қиындықтары байқалған оқушылар анықталып, олармен жеке психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі белгіленді.

Ұсыныстар:

- 1 және 5 сынып оқушыларының бейімделу барысын қазан айында да бақылауды жалғастыру;
- бейімделуі баяу оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу;
- сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен бірлесіп оқушылардың оқу және эмоционалдық жағдайын бақылау;
- ата-аналарға баланың мектепке бейімделу кезеңінде қолдау көрсету бойынша психологиялық кеңес беру.

Педагог - психолог: А.Жетписова